

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 16 қыркүйекте № 35072 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 23 ақпандағы № 87 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6817 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану және "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі –

Заң) 13-бабының 23-14) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көлік құралының габаритін, салмағын және (немесе) біліктік жүктемелерін ескере отырып, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және елді мекендердің көшелері арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының жол берілетін габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын, автокөлік құралдарымен тасымалданатын бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру тәртібін анықтайды.";

3-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бақылаушы органдар – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – уәкілетті орган), әкімшілік полиция және Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі – мемлекеттік кіріс органдары);";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бүркемелеу автомобиль – ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарына барлық жүру бағыты бойынша ілесіп жүру үшін тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші бөлген автомобиль;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Автомобиль жолдары бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы (бұдан әрі – ЖЖҚ) және осы Қағидалардың талаптарына, сондай-ақ оларды өндіруші немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) белгілеген ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктердің тасымалына қойылатын қосымша талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі).";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Көрсетілген мерзім ішінде жарамды болатын арнайы рұқсат белгіленген бағыт бойынша бір тұрпатты ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүкті немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында сұйық жүкті тасымалдайтын бір автокөлік құралына беріледі.

Арнайы рұқсат алты айға дейінгі мерзімге бір сапарға беріледі.";

4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Көлік министрінің міндетін атқарушы*

*М. Калиакпаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Көлік министрінің  
міндетін атқарушы  
2024 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 297 Бұйрыққа  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану және "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану және "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 11) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 мамырдағы № 436 қаулысына (бұдан әрі – Келісім) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жүргізуші – көлік құралын басқарушы тұлға;

2) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты (сертификат) – келісімге қатысушы болып табылатын мемлекеттердің құзыретті органдары беретін көлік құралының салмақтық параметрлері туралы дәйекті деректерді қамтитын құжат;

3) тасымалдаушы (көлік операторы) – жүк тасымалына жауап беретін немесе тасымалдау шартына сәйкес осы тасымал үшін үшінші тарапты пайдаланатын тұлға.

**2-тарау. Жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидалары**

3. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау постында тасымалдаушының немесе жүргізушінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінішіне сәйкес сертификат беріледі.

4. Жүк көлік құралдарын өлшеу стационарлық таразы жабдығымен жүргізіледі.

Жүк көлік құралдары өлшенетін стационарлық көліктік бақылау посттарының өлшеу құралдарын тексеру "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мынадай жағдайларды қоспағанда, сертификаттағы ақпаратты дәйекті ретінде танылады және көлік құралдарын қосымша өлшеуге жол берілмейді:

- 1) сертификатта және ілеспе құжаттарда (CMR CARNET TIR) көрсетілген салмақ және (немесе) габариттік өлшемдері сәйкес болмауы;
- 2) жүкті қоса тиеу, жартылай түсіру немесе басқа көлік құралына қайта тиеу кезінде, сондай-ақ жүкті басқа кедендік тәртіпке беру кезінде;
- 3) сертификатта (3-баған) көрсетілген деректердің бақылаудағы көлік құралының нақты деректерімен сәйкес болмауы;
- 4) көлік құралының ерекше салмақ өлшемдерінің сертификатта (8-баған) көрсетілген деректермен сәйкес болмауы.

6. Көлік құралын бақылаулық өлшеудің нәтижесі сертификаттың 10-бағанына жазылады.

7. Сертификат типографиялық әдіспен дайындалады және қорғау жүйесі бар.

Сертификаттың бланктері қатаң есепке алынатын бланкілер болып табылады.

8. "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдерінен асып кеткен жағдайда, тасымалдаушы немесе жүргізуші салық заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдары жүріп өткені үшін алым төлейді.

9. Қазақстан Республикасының аумағында сертификатты қолдану оны берген мемлекетке, сондай-ақ TIR немесе көлік құралының жүк бөлігіне рұқсат етілмеген кіруді болдырмайтын өзге де рәсім бойынша халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын көлік құралының тіркелуіне байланысты емес.

### **3-тарау. "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары**

10. "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

11. Көрсетілетін қызметті алушы сертификатты алу үшін өтінішті (бұдан әрі – өтініш) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz), [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

Көлік құралын өлшеуге ұсынған кезден бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 1 сағат.

12. Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берілгеннен кейін көлік құралын өлшеу жүзеге асырылады.

13. Көлік құралын өлшеу нәтижесі бойынша көрсетілетін қызметті берушімен сертификат ресімделеді және қызметкер қызмет берушіге өз қолымен тапсырады.

Сертификатты ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушымен 1-8-бағандарды дұрыс толтырылғанын растайтын сертификаттың 9-бағаны толтырылады.

14. Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" сұранымды қабылдау туралы мәртебесі және көлік құралын өлшеу орны мен күнін көрсете отырып хабарлама немесе "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады.

15. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Қазақстан Республикасының  
аумағында жүк көлігі  
құралдарын өлшеудің  
халықаралық сертификатын  
колдану және  
"Жүк көлік құралдарын  
өлшеудің халықаралық  
сертификатын беру"  
мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидаларына  
1-қосымша  
нысан

	KZ	000000 A
	Аймақ коды;	Сертификат нөмірі
 <p>КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨЛШЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ (КҚӨХС)</p>		
Көлік операторы/көлік құралының жүргізушісі көлік құралын өлшенгенге дейін толтырады		
1. Көлік операторы (ұйымының атауы және мекенжайы, елді қоса алғанда)	Тел. №	
	Факс №	
	Электронды пошта	

2. Тасымалдау шарты №1		CARNET TIR № (егер қолданылатын болса)2			
3. Жүк автокөлік құралы туралы ақпарат					
3.1. Тіркеу нөмірі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің			Жартылай тіркеменің/тіркеменің	
3.2. Аспа жүйесі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің әуедегі механикалық басқаша			Жартылай тіркеменің/тіркеменің әуедегі механикалық басқаша	
Уәкілетті өлшеу станциясының қызметкері толтырады					
4. 4. Уәкілетті өлшеу станциясы (код, атауы және мекенжайы, елді қоса алғанда)			5. Көлік құралын өлшеу №3 _____ . _____ . _____		
4.1. Өлшеуге арналған жабдықтың дәлдік классы 4 Класс III немесе жоғары және/немесе < 1 1 2			6. Беру күні (күні, айы, жылы)		
7. Жүк көлік құралдарын өлшеу (осы сертификатқа өлшеу станциясының түпнұсқа ресми жазуы ұсынылуы қажет)					
7.1. Жүк көлік құралының түрі 5 6					
7.2. Осьтік жүктемені өлшеу, кг мен					
	Жетекші	Жетекші емес	Дара	Қосарланған	Үш білікті
Бірінші ось					
Екінші ось					
Үшінші ось					
Төртінші ось					
Бесінші ось					
Алтыншы ось <sup>7</sup>					
7.3. Көлік құралының жалпы салмағын өлшеу (кг)		Сүйрегіш/жүк автокөлігі (кг)	Жартылай тіркеменің/тіркеменің (кг)		Автокөлік құралының жалпы салмағы (кг)
8. Ерекше таразы сипаттамасы					
8.1. қозғалтқышқа қосылған, отын багін толтырғанға дейін: 1/4 1/2 3/4 1/1			8.3. Қосалқы шина саны (дана)		
8.2. қосалқы отын багін толтырғанға дейін: 1/4 1/2 3/4 1/1 (салқындату құрылғысына арналған отынды қоса алғанда)			8.4. Өлшеу кезінде автокөлік ішіндегі адамдар саны _____		
			8.5. Көтерілетін остін бары ия жоқ		
Осымен мәлімдеймін, жоғарыда көрсетілген өлшеу төмендегі қол қойғандармен уәкілетті өлшеу станциясында өлшеніп және мүлтіксіз болып табылады			Қолы		



<sup>1</sup> мысалы: жүкқұжаты CMR №

<sup>2</sup> 1975 жылғы TIR Конвенциясына сәйкес

<sup>3</sup> 2-парақтың қосымшасына қарау

<sup>4</sup> Халықаралық заңнамалық метрология ұйымының ұсынысына сәйкес

<sup>5</sup> Халықаралық келісімдерге сәйкес, ұлттық және халықаралық тасымалдар үшін бекітілген максималды рұқсат етілген габариттер көрсеткіштер, сондай-ақ халықаралық тасымалдауға арналған максималды рұқсат етілген салмақ

<sup>6</sup> суреттік схема бойынша көлік құралының код типі, мысалы А2 немесе А2S2

<sup>7</sup> егер осьтер саны алтыдан көп болса, 2 пар. "Қосымша" параграфта көрсету қажет.

9. Уәкілетті өлшеу станциясының қызметкері/автокөлік құралының жүргізушісі көлік құралын өлшенгеннен кейін толтырады

Мен мәлімдеймін, мыналарды:

(а) Көлік құралының салмағын өлшеу жоғарыда көрсетілген өлшеу станциясында жүргізілді

(б) 1-8 бағадағы мәлімет қатесіз

(с) Аталған өлшеу станциясында өлшенгеннен кейін жүк көлік құралына қосымша ешқандай жүк салынған жоқ

Күні	Жүргізуші тегі/жүк көлік құралының жүргізушілері _____ / _____	Күні
------	--	------

Ескертпе (егер болса)

10. Ерекше өлшеу жағдайында (бақылау кезінде) өлшеу станция қызметкерімен толтырылады (3, 7, 8)<sup>8</sup>

Өлшеу станциясы \_\_\_\_\_ (код, атауы және мекен-жай, елді қоса)

Күні	Өлшеу станция қызметкерінің фамилиясы	Қолы Мөр
------	---------------------------------------	-------------

Ерекше өлшеу (бақылау кезінде) нәтижесі және себебі

Соңғы (бақылаулық) өлшеудің себебі мен нәтижесі

Автокөлік құралын өлшеудің кодтың нөмірі үш элементті деректерден тұрады, дефиспен жалғанған

(1) Мемлекет коды (1968 жылғы БҰҰ жол қозғалыс Конвенциясына сәйкес)

Армения	ARM	Молдова	MD
Әзербайжан	AZ	Ресей	RUS
Беларусь	BY	Тәжікстан	TJ
Грузия	GE	Түрікменстан	TM
Қазақстан	KZ	Өзбекстан	UZ
Қырғызстан	KS	Украина	UA

(2) Ұлттық өлшеу станциясын сәйкестендіретін қос мәнді код

(3) Жекеше өлшеуді сәйкестендіретін (ең аз болғанда), бестаңбалы код мысалы: MD - 01-23456 немесе RUS - 14 - 000510

Бұл сериялық нөмір өлшеу станциясындағы журналда көрсетілген нөмірге сәйкес келуі қажет.

Осы сертификатты көрсеткен кезде, ТМД елдерінің шекара өтулерінде автокөлік құралдары қайта өлшенбейді.

<sup>8</sup>Осы баған екі жақтың құзыретті мекемелерімен өлшеу станцияларының жұмысына баға беру үшін, сонымен қатар көлік операторы іс-әрекеті кезінде қателік жіберген кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасының  
аумағында жүк көлігі  
құралдарын өлшеудің  
халықаралық сертификатын  
қолдану және  
"Жүк көлік құралдарын  
өлшеудің халықаралық  
сертификатын беру"  
мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидаларына  
2-қосымша  
нысан

### Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын алу үшін өтініш

1. Көлік операторының атауы (толық мекенжайы, елін қоса алғанда)		
Тел. №		
Факс №		
Электрондық пошта		
2. Тасымалдау шартының №1		CARNET TIR № (егер қолданылса) 2
3. Жүк автокөлік құралы туралы ақпарат		
3.1. Тіркеу нөмірі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің	Жартылай тіркеменің/ тіркеменің
3.2. Аспа жүйесі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің әуедегі механикалық басқаша	Жартылай тіркеменің әуедегі механикалық басқаша

<sup>1</sup> мысалы: жүкқұжат CMR №

<sup>2</sup> 1975 жылғы TIR Конвенциясына сәйкес

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болса)

\_\_\_\_\_

(қысқартусыз көрсету)

Менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі  
Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органына \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Бизнес сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_) жинауға және өңдеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге ақпараттық жүйелерде қамтылған мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді беруге келісім беремін.

Ақпараттық жүйеде бар, заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
аумағында жүк көлігі  
құралдарын өлшеудің  
халықаралық сертификатын  
қолдану және  
"Жүк көлік құралдарын  
өлшеудің халықаралық  
сертификатын беру"  
мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидаларына  
3-қосымша

**"Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Көрсетілетін қызметті беруші; "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушімен жүзеге асырылады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Бір жұмыс күні
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты немесе осы мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптары тізбесінің 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер

		<p>бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.</p>
7	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Ақысыз.</p>
8	<p>Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыссыз және мереке күндерінсіз, тәулік бойы;</p> <p>2) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады)</p>
9	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіге – өтініш;</p> <p>2) порталда:</p> <p>порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжат мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p>

10	Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
11	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы Министрліктің интернет-ресурсында <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a>, Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің бөлімі, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде Министрліктің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық пошта мекенжайы: <a href="mailto:kense.kattk@tra.nspor.t.gov.kz">kense.kattk@tra.nspor.t.gov.kz</a>, (8-7172) 98-37-53 телефоны немесе Қазақстан Республикасы Көлік министрінің блогына "Қазақстан Республикасы Көлік министрінің блогы" парағы) орналасқан.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету</p>

		<p>тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>
--	--	--

Қазақстан Республикасы  
Көлік министрінің  
міндетін атқарушы  
2024 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 297 Бұйрыққа  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының  
аумағында ірі габаритті және  
ауыр салмақты жүктерді  
тасымалдауды ұйымдастыру  
және оны жүзеге  
асыру қағидаларына  
4-қосымша

**"Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы</p>	<p>Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру</p> <p>1) Арнайы рұқсат беру;</p> <p>2) Бұрын берілген арнайы рұқсат бойынша көлік құралын ауыстыру ;</p> <p>3) Арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту.</p>
2	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің атауы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік</p>

		кіріс органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
3	Көрсетілетін мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	Барлық кіші түрлері "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады
4	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) Арнайы рұқсат беру – құжаттарды қарастыру нәтижелері туралы хабарламаны беру: тасымалдау маршрутын келісу қажет болған жағдайда – 2 (екі) жұмыс күні тасымалдау маршрутын келісу қажет болмаған жағдайда – 1 (бір) жұмыс күні; автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған жағдайда – 1 (бір) жұмыс күні;</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат (бұдан әрі – арнайы рұқсат) (бес жұмыс күні ішінде алымды төлегенін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап) не бас тарту туралы дәлелді жауап – 1 (бір) жұмыс күні;</p> <p>2) Бұрын берілген арнайы рұқсат бойынша көлік құралын ауыстыру – 1 (бір) жұмыс күні;</p> <p>3) Арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту – 1 (бір) жұмыс күні.</p>
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлері электрондық (ішінара автоматтандырылған).
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Барлық кіші түрлері бойынша:</p> <p>1) осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы рұқсат;</p> <p>2) құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту;</p> <p>3) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;</p> <p>4) бұдан бұрын берілген арнайы рұқсат бойынша көлік құралын ауыстыру;</p>

		<p>5) арнайы рұқсаттың қолдану мерзімін ұзарту.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің түпнұсқалығын порталда тексеруге болады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі пайдаланушы кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.</p>
7	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден өндірілетін төлем мөлшері және оны өндірудің Қазақстан Республикасы заңнамаларымен көзделген тәсілдері</p>	<p>1) Арнайы рұқсат беру:</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым (бұдан әрі – алым) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабы 3-тармағында белгіленген алым мөлшерлемелері бойынша республикалық бюджетке төленеді .</p> <p>2) Бұрын берілген арнайы рұқсат бойынша көлік құралын ауыстыру - тегін түрде.</p> <p>3) Арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту - тегін түрде.</p>
	<p>Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 16.00-ден кейін келіп</p>



8	ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>түскен жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет келесі жұмыс күнінде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады</p>
9	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін Көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері	<p>Порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы.</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжат , жеке кәсіпкерді және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларда) мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе)</p>

Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;

6) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің

1) Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған: Министрліктің – [www.gov.kz](http://www.gov.kz) "Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімде;

2) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету

	ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар	тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777. 3) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ЭЦҚ-сы болған шарттарды портал арқылы электрондық нысанда алады
--	--	---